

Жүйелі жоспар - жетістік кілті

Бүгінде еліміздегі тәрбие жүйесі жұмысын әлемдік озық тәжірибе стандарттарына сәйкестендіре отырып, инновациялық жолмен оңтайлы жүзеге асыру аса маңызды. Бұл туралы оқытушы-профессорлық құрамның басын қосқан кешегі кезекті ректорат отырысында Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Ш.Е. Жаманбалаева Әлеуметтік және тәрбие жұмысының көрсеткіштерін жоғарылату бойынша жол картасы туралы хабарламасында тілге тиек етті.

Жалғасы 2-бетте

Өнерлінің өрісі кең

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дәстүрлі «Жалын» фестивалі өз мәресіне жетіп, жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтті. Дарындыларды даралап, таланттылардың тұсауын кесетін бұл байқаудың жеңімпаздары Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында өткен гала-концертте өз өнерлерін көпшілікке паш етті.



Барша ҚазҰУ асыға күтетін «1-курс таланттары» жобасының басты мақсаты — жалынды жастардың бойында лаулаған отты өшірмеу, өнерге, шығармашылыққа деген қызығушылықтарын арттыру және сахна құдіретін түсінуге ықпал ету болып табылады. Аталған байқаудың алғашқы кезеңінде 800-ден аса студент бақ сынаса, үздіктердің үздігі болып танылған өнерпаздар келесі кезеңге жолдама алған еді. Талай сыннан сүрінбей өтіп, актық гала-концертке қатысуға мүмкіндік алған студенттер осы кеште өнерлерімен көпшілікті тәнті етті.

Жалғасы 8-бетте

ГЛОБАЛЬНЫЕ ПЛАНЫ КАЗНУ

КазНУ им. аль-Фараби стал Глобальным хабом ООН и вошел в топ 50 лучших высокотехнологических университетов мира. КазНУ было доверено право открыть специальное заседание по вкладу образования и науки в устойчивое развитие в Штаб-квартире ООН в Нью-Йорке.



Первый проректор Мухамбеткали Буркитбаев принял личное участие в международном форуме в Штаб-квартире ООН, посвященном запуску программы академического влияния «START».

В начале мероприятия, к участникам Проекта по устойчивому развитию по видеосвязи присоединился ректор КазНУ им. аль-Фараби, академик Галым Мутанов. Он выступил с речью, в которой говорил о важности развития навыков и технологий в ускоряющемся мире, а также обратил внимание на документ, принятый Генеральной Ассамблеей ООН «Преобразование мира: повестка дня в области устойчивого развития до 2030 года».

КазНУ удостоен чести быть Глобальным хабом ООН и Региональным хабом ЮНЕСКО в Центральной Азии по устойчивому развитию в сфере образования и науки. На форуме было отмечено, что руководители 30 ведущих вузов мира, а среди которых Стэнфордский, Кембриджский и Оксфордский университеты, Национальный институт Сингапура, внимательно изучают опыт КазНУ им. аль-Фараби.

Первый проректор КазНУ им. аль-Фараби Мухамбеткали Буркитбаев также отметил, что: «аббревиатура «START» с английского звучит таким образом: Наука, навыки, технологии - быстро изменяют мир. Эта программа академического влияния была инициирована Пан Ги Муном, который предложил для решения проблем, над которыми работает ООН, обязательно привлечь

интеллектуальный потенциал университетов. Генсек организации обратился к нам со специальным посланием, в котором он поздравил коллектив КазНУ с избранием хабом и выразил надежду, что наш университет будет проявлять себя на глобальном уровне».

«КазНУ им. аль-Фараби выходит на международный уровень сотрудничества, тем самым поднимая конкурентоспособность всей казахстанской образовательной системы. В качестве примера научно-просветительской деятельности мы привели лабораторию радиационной экологии, которая была создана впервые в системе высшего образования именно в КазНУ им. аль-Фараби. Эта лаборатория сейчас может проводить анализ на все искусственные и естественные радионуклиды. Мы можем проводить оценку радиационного состояния», — сказал Мухамбеткали Буркитбаев.

«В этом году в Казахском национальном университете имени аль-Фараби открыли магистерскую программу «Устойчивое развитие» на английском языке. Главным партнером стал Колумбийский университет Нью-Йорка. Впереди перспективные планы по созданию Евразийского центра по новым технологиям и научным исследованиям», — подчеркнул Мухамбеткали Буркитбаев.

Майра АБДРАХМАНОВА,
Майк ДЖОЕЛ

БҮГІНГІ САНДА:

В ЦЕЛЯХ
РАЗВИТИЯ СТРАНЫ

2-стр.



ФИБРАТТЫ
КЕЗДЕСУ

3-бет



ҚЫТАЙ ЕЛІНЕ
САЯХАТ

4-бет



В ЦЕЛЯХ РАЗВИТИЯ СТРАНЫ

Заместитель акима г. Алматы Е. Аукунов, курирующий вопросы индустриально-инновационного развития, торговли, развития малого и среднего бизнеса, туризма и природопользования, посетил КазНУ и провел встречу с учеными и профессорско-преподавательским составом университета.

В ходе своего визита Е. Аукунов посетил Научно-Технологический парк, ЦОС, библиотеку аль-Фараби, а также факультеты вуза, пообщался со студентами и преподавателями университета. На встрече ректор вуза Г. Мутанов ознакомил Е. Аукунова с основными направлениями деятельности университета, его достижениями и успехами, рассказал о подготовке высококвалифицированных специалистов для реализации государственной программы индустриально-инновационного развития страны.

Также Е. Аукунов ознакомился с инфраструктурой вуза и работой научных лабораторий, встретился с молодыми учеными. Так, новаторы механико-математического факультета рассказали ему о реализуемых исследовательских проектах в области нанотехнологий, микроэлектроники и компьютерного моделирования, наглядно показали работу лабораторий факультета и продемонстрировали свои передовые научные разработки. Здесь были представлены и те проекты, которые планируется показать на «ЭКСПО-2017» в Астане. Также было



отмечено, что обучение студентов ведется по новым образовательным программам с учетом требований работодателей, например, которые были подготовлены совместно с такими иностранными компаниями, как: «Hewlett Packard», «Samsung», «Inspur», «Cisco». Университет также ведет совместную работу по обучению

и дальнейшему трудоустройству студентов в эти компании.

В завершение визита Е. Аукунов пожелал студентам и ученым КазНУ дальнейших успехов в учебе и исследовательской деятельности.

ПРЕСС-СЛУЖБА

РЕКТОРАТ

Жүйелі жоспар - жетістік кілті

Жалғасы. Басы 1-бетте



Баяндамада «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы аясында қоғамдық талаптар мен оқу және тәрбие процестерінің өзара іріктірілуі тәрбиенің әдіснамасы мен мазмұнын жаңартуға, білім беру жүйесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға бағытталу керектігі айтылды.

Жаһандану кезеңінде тәрбиелік іс-шараларды жиі өткізу жайы сөз болып, оқытушы-профессорлар құрамы бұл ұсынысқа ерекше көңіл аударды. Сонымен қатар, кафедра меңгерушілерінің

аптасына бір рет жатақханаларда тексеру күнін өткізуі, республикалық жарыстар мен байқауларға студенттердің қатысуы мен көшбасшылық деңгейін қамтамасыз ету сынды өзекті мәселелер де назардан тыс қалмады.

Жастардың функционалдық сауаттылығын арттыру, үштілді білім беру саясатын жүзеге асыру және ақпараттық технологияларды пайдалануын қамтамасыз ету де тәрбие жұмысының маңызды бөлігі болып табылады. Бұл

ретте университет «Мен жастарға сенемін», «Айналанды нұрландыр», «100 кітап апталығы» сынды жобаларды ұйымдастыруды дәстүрге айналдырғанын айта кеткен жөн.

Сондай-ақ хабарламада университет ректоры Ғалым Мұтанұлының бастамасымен қолға алынған «Al-Farabi university – smart city» жобасы аясында «Смарт-кафедра», «Смарт-факультет», «Смарт студенттер үйі» сынды атауларға қара шаңырақ ҚазҰУ қашанда лайық деп танылу қажеттігі сөз болды. Бұл мақсатта оқытушы-профессорлар құрамына кафедраның, факультеттің жетістіктері туралы бұқаралық ақпарат құралдары мен шетелдік әріптес жоғары оқу орындарының сайттарына материал жариялау ұсынылып, университеттің PR – қолдау қызметін жүзеге асыру ісі көзделіп отыр.

Мұнымен қоса әлеуметтік және тәрбие жұмысы көрсеткіштерін арттыру бойынша тиімді тәжірибені үнемі зерделеу, мониторинг жүргізу, инновациялық қызметті қолдау ісі де үнемі ескерілетін болды.

Білім берумен мәдени құндылықтардың түп негізі тәрбиеде жатқандықтан, бұл көкейкесті мәселе мәртебелі шаңырақта қашанда алдыңғы орында тұрады хақ.

Жұлдыз ӘБІЛ

ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

Жуырда Экономика және бизнес жоғары мектебінде ҚР БҒМ гранты бойынша жүргізілген алдын ала зерттеулердің нәтижесі негізінде «Жаһандану уақытында елдің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық дамуының негізгі басымдықтары» атты дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелде сауда серіктестігіндегі елдердің макроэкономикалық көрсеткіштерінің өзара байланыстарын модельдеу; Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарудағы инновациялық технологиялар; ауыл шаруашылығындағы мемлекеттік басқару; технологиялық өзгерістер жүйесінде еңбек қатынастары институты; қазақстандық тәжірибедегі жұмыспен қамтудың прекаризация көрінісі; индустриялық-инновациялық даму тұрғысынан ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мәселелерін зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері, т.б. өзекті мәселелер кең ауқымда талқыланды.

Kaznu.kz

Жақында ҚазҰУ-да органикалық заттар, табиғи қосылыстар және полимерлер химиясы мен технологиясы кафедрасының бастамасымен «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының 304-топ студенттерінің ұйымдастыруымен 100 кітап жобасы аясында «Ел болашағы – білімді жастардың қолында» ұранымен «№13 Студенттер үйінің көшбасшысы» сайысы өтті.

3 кезеңнен тұрған сайыста қатысушыларымыз өздерін жан-жақты көрсетіп, нәтижесінде бағы мен бабы шапқан қатысушы сайыстың актық кезеңіне өтті. Жүйріктен жүйрік озған сайыстың қорытындысы бойынша, «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының 2-курс студенті Жұрмахан Сүйіндіков 1-орынды иеленсе, «химик зерттеуші» мамандығының 3-курс студенті Жолдас Ерасыл 2-орынмен марапатталды. «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының 3-курс студенті Шалқар Амангелдиев 3-орынға лайықты деп танылды.

Г.Ж. ҚАЙРАЛАПОВА,

аға куратор,

химия ғылымдарының кандидаты

Преподаватели, студенты и магистранты ряда факультетов КазНУ посетили ТЮЗ им. Г. Мусрепова, где посмотрели премьерный спектакль «Алдаспан. Ж. Ташенев» о жизни и деятельности государственного деятеля Жумабека Ташенева в исполнении актеров труппы Акмолинского областного казахского музыкально-драматического театра им. Ш. Кусаинова.

Постановка была посвящена 100-летию Ж. Ташенева, внесшего весомый вклад в становление и развитие страны. Ее автор и режиссер – Народный артист Казахстана Ерсайн Төлеубай.

Зрители получили огромное удовольствие от хорошей игры актеров. Содержание пьесы было сопряжено с современным переосмыслением культурного наследия и ролью личности в траектории развития, в духе национального проекта «Мәңгілік Ел».

Г.К. МУКАНОВА,

к.и.н., доцент кафедры печати и электронных СМИ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Филология және әлем тілдері факультеті «Ай-Ару» рухани-танымдық студент қыздар Орталығы халқымыздың ардақты ұлы, Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлының 130 жылдығы қарсаңында «Студент оқитын 100 кітап» жобасы аясында республика жоғары оқу орындары студенттері арасында шығармашылық байқау өткізеді.

Қатысам деушілер Міржақып Дулатұлының қайраткерлік ғұмырбаяны, публицистикалық, оқу-педагогикалық еңбегі, көркем туындылары туралы арнайы жазылған эссе, зерттеу, шығармаларын (қалауы бойынша) бүркеншек есіммен 2015 жылдың 15 қарашасына дейін Орталықтың электронды мекен-жайы – **ai-agu.kaznu@mail.ru** бойынша жолдауына болады.

Байқау қорытындысы 28 қарашада жарияланады. Жеңімпаздар бірнеше аталым бойынша марапатталып, ақшалай сыйлықтар беріледі. Байқауда іріктелген шығармалар Орталықтың дәстүрлі «Жас зерттеуші» ғылыми жинағында, «Ай-Ару» әдеби-танымдық студенттер альманағында жарияланады.

Байланыс телефондары:
8 702 213 97 75; 8 707 688 72 05

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ БҰҰ жаһандық хабы ретінде ұйымның Нью-Йоркте орналасқан штаб-пәтерінде өткен білім беру мен ғылымға қосқан үлесіне қатысты арнайы отырысын ашу мәртебесіне ие болды

Тарих, археология және этнология факультетінде Моңғолия Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, аудармашы, публицист, драматург, Халықаралық түркі-моңғол зерттеу орталығының президенті, Моңғолиядағы қазақ диаспорасының «Алтын орда» мәдени орталығының бас директоры Ислам Қабышұлымен кездесу өтті.

Ислам Қабышұлы — Қазақ халқының 2200 жылдық тарихын қамтыған «Қазақ қауымы» және түркі-моңғол жұртының 2300 жылдық тарихынан сыр шертетін «Тұран әлемі» атты көптомдықтың авторы, баспасөз саласында ширек ғасыр журналистік қызмет атқарған байырғы қаламгер.

Кездесуде тарихшы «Тарих толқынындағы Қазақстан» атты баяндамасын оқып, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мәні мен оның республика болашағы үшін маңыздылығына ерекше тоқталды. Ғалым қазақ халқының мемлекеттік үрдісінің маңызды кезеңдерін қарастыра отырып, республикалық деңгейде Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығын тойлаудың жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеудегі маңызына ерекше мән берді. Сонымен қатар Ислам Қабышұлы тыңдармандарға өзінің ғылымға келу жолы және оған ықпал еткен оқиғалар мен тұлғалар туралы да сыр шертті. Зерттеулерінің ішінде «Тұран әлемі» атты еңбегіне, Орхон жазбаларына байланысты еңбектеріне, «Құпия шежіре» (қытайша — «Юань Шао-



Ғибратты кездесу

биши») кітабын қазақ тіліне аудару және М. Әуезов туындыларын монғол тіліне аударуға ден қойды.

Факультет деканы А. Жұмаділ, кафедра меңгерушілері — Қ. Жұмағұлов, Т. Омарбеков, А. Қалыш ғалымға ізгі тілектерін білдіріп, өздерінің жарыққа шыққан жаңа еңбектерін тарту етті.

Сондай-ақ, кездесу барысында тарихи тұлға мен студенттер арасындағы емен-жарқын ашық әңгіме мен қызықты пікірталасқа куә болдық.

Сыртта жүрсе де Қазақстанда орын алып жатқан маңызды оқиғаларға өз үлестерін қосып жүретін Монғолиядағы қандастарымыздың еңбектерін

ерекше атап өтуіміз керек. Олар қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығына орайластырылған мерекелік іс-шараларды халықаралық деңгейде атап өтуде атсалысушы алғашқылардың бірі болды. Ағымдағы жылдың мамыр айында Ұлан-Батырда «Қазақ хандығының 550 жылдығы аясындағы Қазақстан-Моңғол тарихының көкейкесті мәселелері» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Моңғолияның зиялы қауым өкілдері бұл шараға үлкен қызығушылық танытты. Осы конференцияға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінен дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.Т. Жұмағұлов, тарих ғылымдарының докторы, профессор Г.М. Мендіғұлова сияқты аттары танымал ғалымдар Қазақстан Республикасы тарапынан қатысып, бұл сапар университет пен Моңғолияның ғылыми-зерттеу орталықтары арасында байланыс орнатуға негіз болды. Ортағасырлық тарихымыздың көптеген тұстарының қабысып жатқандығын ескерсек, осындай байланыстардың нәтижесінде тарихымыздың белгісіз тұстарына қатысты деректер анықталып, жаңа зерттеулерге жол ашылады деп сенеміз!

Қ.Т. ЖҰМАҒҰЛОВ,

т.ғ.д., профессор, дүниежүзі тарихы,

тарихнама және деректану

кафедрасының меңгерушісі;

Г.Е. САБДЕНОВА,

т.ғ.к., доцент

Жыраулық дәстүр тарихы Түркияда да ұлықталуда

Жуырда ҚазҰУ ғалымдары «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының ұйымдастыруымен Алматы қаласында «Достық үйінде» өткен «Жыраулық дәстүрдің тарихы, мектептері, орындаушылық ерекшеліктері, шығармашылық түрлері және бүгінгі жай-күйі» атты дөңгелек үстелге қатысып қайтты. Шараға еліміздің танымал түркітанушы ғалымдары, өнер иелері мен шетелдік қонақтар келді.

Дөңгелек үстелді «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының президенті, академик Ө. Айтбайұлы ашып, ғалымдарға сөз берді. Өз кезегінде мінбеге шыққан шығыстану факультеті, ТҮРКСОЙ кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., профессор Асқар Тұрғанбаев өзі басқарып отырған кафедраның жетістіктері туралы баяндады. Сонымен қатар ол ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы биыл Анкарада казактың «Қыз Жібек» дастанын түрік тілінде жариялағанын көпшілікке жеткізе отырып, казактың дастан-жырлары мен түркі халықтарының жыраулық және ақындық өнеріне тоқталды. Бұл ретте ол кафедра доценті, ф.ғ.к. Е.З. Есбосыновтың «Қобыланды батыр» жырын түрік тіліне аударып, осы жылы Анкарада



жарияланғанын тілге тиек етті. Дастанның жарыққа шығуына Түркияның Ардахан университетінің «Манас: Манасшылардың қазіргі избасарлары: ақын мен жыраулар, озан мен кайчы, ашықлар» атты халықаралық ғылыми жобасының гранты негіз болғанынан хабардар етті. Сондай-ақ, бұл екі жарияланым да кафедра оқытушы-профессорлары құрамының үнемі назарында болғандығын, аудармашы-авторларға үнемі кеңес-көмек беріліп отырғандығын айтты. «Сондықтан екі кітап та кафедра мен оқытушы-профессорлар құрамының ортақ қуанышы болып табылады және кафедра ұжымына шексіз алғыс білдіремін», — деді ол.

Сөз кезегі дастанды аударған Ерғали Есбосыновқа берілген еді. Ол

аталмыш ғылыми жоба барысымен кеңінен таныстырып өтті. қатысушылар құрамына тоқталған сәтте жоба жетекшісі — профессор Эрдоған Алтынқайнак, Қазақстаннан өзі, Ресейден — Дмитрий Васильев, Якут-Сақа Республикасыатынан — Фатих Каракоч, Тува Республикасынан — Алина Кара-Сал, Түркиядан — Абдуллах Елжан, Гүрхан Чопур мен Окан Өзкара, Қырғыз Республикасынан — Сүлеймен Қайыповтардың бар екенін атап өтті. Жоба аясында Қазақстан, Ресей, Түркия және Қырғызстанда ғылыми жұмыстар атқарылып, нәтижесі Ардахан университеті тарапынан жарияланған.

Жалпы дөңгелек үстелге қатысушы құрметті делегаттар арасында Кипр Гирне Американ университеттері

консорциумының президенті профессор Серхат Акпынар, Корея Республикасы Ханкук университетінің Орталық Азия кафедрасының профессоры Әлия Құрышжанова мен Кипрдің баска да жоғары оқу орындарының өкілдері мен ғалымдары болды.

Атап өтейік, шара барысында еңбегімен, белсенділігімен көзге түскен отандық және шетелдік ғалымдарға «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының төсбелгісі салтанатты түрде табыс етілді. Кипр елі мен «Қазақ тілі» халықаралық қоғамы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА,

ТҮРКСОЙ кафедрасының доценті,

ф.ғ.к.



Во Дворце студентов им. У. Жолдасбекова прошел гала-концерт, на котором первокурсники КазНУ продемонстрировали свои таланты

Қытай еліне саяхат

Жібек жолы бағдарламаласы аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шығыстану факультетінің қытайтану кафедрасының бір топ магистранттары Қытайдың Гонконг қаласындағы Политехникалық университеті мен Сиань көлік және коммуникация университеті ұйымдастыруымен өткен 20 күндік «Silk road summer school 2015» атты жазғы мектепке қатысып қайттық.

20 күндік жазғы мектепке осы жылы Америка, Еуропа, Корея, Сингапур сияқты 14 мемлекеттен 171 студент келді. Бұл жазғы мектептің мақсаты «Бір белдеу – бір жол» стратегиясы бойынша қатысушыларды Қытай мәдениетімен терең таныстыру болды.

Уақытының аздығына қарамастан жазғы мектеп өте жоғары деңгейде өтті. Бағдарлама 3 аптаны қамтыды. Алғашқы апта Гонконг қаласында өтті. Гонконг қаласында біз үлкендігі бойынша Әлемдегі екінші орын алатын Будда ескерткішін, Қытайдың танымал Жұлдыздары саябағын аралап, Виктория Пик шыңына шықтық. Бұл жерде қаланы жоғарыдан тамашалап, керемет әсер алдық.

Келесі екі апта Сиань қаласында жалғасты. Студенттерге «Қытай тілі», «Қытай мәдениеті», «Қытай тарихы», «Қытай тілінде сөйлесу» деген 4 пән ішінен 2 пәнді таңдау ұсынылып, дәрістер жүрді. Дегенмен дәрістердің бәрі қытай тілі, мәдениеті, салт-дәстүрлерімен толық



таныстыруға бағытталған. Сондай-ақ біз әлемге танылған Терракота әскері – Қытай императорының кесенесіне, Сиань мұражайына, Қытай патшалығының ханшайымы У Цзэтянь кесенесіне бардық. Сапар барысында біз көне Қытай патшалығының әлеміне түскендей сезімде болдық.

Осы жоба аясында біз Қытай Халық Республикасын екі қырынан таныдық. Бірі қазіргі заманғы өте дамыған Қытай елі болса, екіншісі – Көне Қытай әлемі. Сонымен қатар біз Қазақстан мен Қытайдағы білім беру тәсілдерінің ерекшеліктерін байқадық. Ол жерде сабақ беру барысы 3 сағаттық дәрістен және

түстен кейінгі 3 сағаттық семинар мен үй тапсырмасын орындаудан тұрады. Ал бізге 1 күн дәріс оқылса, 1 күн экскурсия жасалды.

Атап өтерлігі, осы уақыт аралығында әр қатысушыға арнап студенттік билет жасалды. Оның арқасында біз, магистранттар университеттің электрондық кітапханасын пайдаланып, диссертациялық тақырыбымызға қатысты материалдарды жинақтауға мүмкіндік алдық.

**Ш.А. УШУРОВА.,
Д.К. БАЛТАБЕКОВА,**
*қытайтану кафедрасының 2-курс
магистранттары*

**Техниканың тетігін игеріп,
білімнің майын ішіп, жер бетіндегі
қазақтың жалғыз Отаны - тәуелсіз
Қазақстанды көркейтіп-гүлдендіру
жолына өзіндік үлес қосу -
әрбір атқа мінген бүгінгі Алаш
азаматының парызы.**

УНИВЕРСИТЕТКЕ АЛҒЫС АЙТАМЫЗ!

Заманға сай озық ілім мен білімді менгерудің маңызы зор. Ұлы жазушы Әуезов те: «Ұлт пен ұлтты, халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім», – деп тегін айтпаған. Осы ретте, «Ұстазсыз шәкіріт – тұл» демекші, білем, үйренем деген үміткерлердің үмітін ұштап, өнер-білім көгінде еркін самғауына жол ашқан, білім берудің кемелді ортасын қалыптастырып, әлеуетті оқытушылар шоғырын үйлестірген, еліміздің білім беру саласында оқ бойы озық келе жатқан, білім берудің білікті ордасы – ҚазҰУ-дың қазіргі таңда жеткен жетістіктері желпіндірсе, алар асуы алда.

Біз, осы киелі білім ордасының физика-техникалық факультеті, жылу энергетикасы кафедрасының 1-курс магистранттары Чехияға барып, ғылыми тағылымдамадан өтіп қайттық. Шетел тәжірибесімен танысып, Отан құшағына табыспен оралдық десек артық айтқандық емес. Осы орайда, «Бұлақ көрсен, көзін аш» демекші, білім жолына бел байлаған казактың ұл-қыздарының үмітін үкіліп, үлкен жеңістерге жетелеген ардақты университетімізге мың алғыс айтамыз!

**Қ. ӘКИЗА,
М.Н. МҰХТАРОВА,
А.З. НҰРМҰХАНОВА**

Студенттер

шет тілдерін оқытуда

Жуырда шығыстану факультетінде «Start up» студенттердің инновациялық жобасы аясында онлайн режимде шет тілдерін оқыту сыныбының ашылу салтанаты өтті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Start up» инновациялық жобасы студенттердің сабақтан тыс уақытында университеттен алған білімдерін пайдаланып, қаражат таба білу жолдарын қарастырады.

Өткен оқу жылы жапондық «REAL-Russia» компаниясы мен Қиыр Шығыс кафедрасы арасында келісімшарт жасалған болатын. Сол келісімшарт негізінде Қиыр Шығыс кафедрасының жапон бөлімінің студенттері Жапониядағы бизнесмендерге сабақтан бос уақыттарында онлайн режимде орыс және қазақ тілдерін оқытып, оқытқан сабақтарының ақыларын алып жүр.

Студенттердің сабақтан бос уақыттарында университет қабырғасында жүріп жұмыс істеулеріне жағдай жасау мақсатында шығыстану факультеті 534-аудиторияны арнайы онлайн жүйесінде сабақ өту үшін белгіледі. Сонымен қатар, Жапонияның «REAL-Russia» компаниясымен келісімшарт бойынша жұмыс істейтін студенттерге арнайы жабдықтарын алып келіп, аудиторияларға орнатты.

Аталған жоба жапон бөлімі студенттеріне практикалық жапон тілін терең меңгеруге көмектесіп қана қоймай, кәсіпкерліктің әліпбиін үйренуге де ықпал етеді.

Шығыстану факультеті

Рухани кәсіпшілік



Досжан Балтабекұлы (фото)

Қазан айында ҚазҰУ кітапханашылары алматылық кітапханалар күні мен кітапхананың біржылдық мерейтойын кең көлемде атап өтті. Әлемнің екінші ұстазы атанған ғұлама бабамыздың атын иеленген, 2,5 млн-нан астам кітап қоры бар «Әл-Фараби» кітапханасы - еліміздегі ірі кітапханалардың бірі. Университет кітапханасы тек үлкен білім ошағы ғана емес, сан алуан ұлт өкілдерінің өз елінің мәдениеті мен тарихы, әдебиеті туралы пікір алмасып, өзге халықтар жайлы мәлімет ала алатын халықаралық дәрежедегі оқу-ағарту орталығы болып табылады.

Кітапханада «Әлем елдерінің кітаби мүйісі» атты арнайы жабдықталған кабинет бар. Жуырда білім ошағында «Денсаулық бұрышы» мен «Ауғанстанның мәдениеті мен тарихы» мүйісі ашылды. Салтанатты шараға құрметті қонақтармен қатар

университетте президенттік бағдарламамен білім алып жатқан ауғандық студенттер де қатысты.

Шараны кітапхана директоры Қалима Туенбаева мен Ауғанстанның Қазақстандағы консулы Садид Рухулах

мырзаның құттықтау сөзімен ашылды. Сонымен қатар осы шараның белсенді ұйымдастырушысы университеттің ауғандық магистранты Табан Бесмеллах келесі жылы Ауғанстанда Қазақстанның мәдениеті мен тарихына арналған орталықтың ашылатынын ресми түрде мәлімдеп, жиналғандарды өз еліне шақырды. Сондай-ақ шара барысында «Үшқоңыр» республикалық газетінің редакторы, кітапхана директорының орынбасары Жадыра Арекенова сөз алып, кітаптың тек білімнің ғана көзі емес, тәрбиенің де негізі, үлкен идеологиялық құрал екеніне тоқталды.

Ресми шараны кітапхана қызметкерлерінің ұлттық нақышта ұйымдастыра білгені келген қауымға қатты ұнады. Шара барысында домбыра шанағынан күй төгіліп, халқымыздың айтулы ақыны Қадыр Мырза Әлінің «Шетелдіктерге казактарды таныстыру» өлеңі шырқалды. Екі елдің достығы мен мәдени байланысын танытып, қазақ-ауған халқының ұлттық костюмін киген кітапханашы қыздар да мәдени шараның шырайын ашып, салтанатын асыра түсті. Мәдени шараның соңы кітапхананы аралап, оқу залдары мен электронды кітапхана бөлімін, ғаламтор залын таныстыру саяхатына, халқымыздың қонақжайлылығын, ақ пейілін танытатын ақ дастарқан жаю рәсіміне ұласты.

**Р.Т. НАРАЛИЕВА,
М.Б. ӘМІРҚАНОВ,**
аға оқытушылар

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Әукенов ҚазҰУ-да қонақта болды

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕДЕЛІ ЗОР

БҰҰ-ның 70 жылдық мерейтойына орай №4 Студенттер үйінде география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының доценті, г.ғ.к. Ә.Т. Мылқайдаров Қазақстанның қазіргі беделі мен әлемдік қызметі туралы дәріс өткізді.

Лев Николаевич Толстой: «Білім берудің қай түрі болмасын — тәрбие» деген екен. Тек оқу үрдісі кезіндегі аудиторияда ғана емес, студенттер үйінде де дәріс өткізудің өзіндік ерекшелігі бар. Қазақстанның БҰҰ-дағы қызметі мен беделіне басымдылық берілген дәріс студенттерге ыңғайлы уақытта өтті.

Қазақстан БҰҰ-ға мүшелікке қабылданғанда оның құрамында 168 мемлекет болса, қазір оның қатары өсіп, 193 елге жетті. Сол алғаш мүшелікке өткеннен бері еліміз ұйым жұмысына белсенді атсалысумен келеді. Бұл — еліміздің сыртқы саясатындағы басым бағыттардың бірі.

Қазақстанның БҰҰ жанындағы тұрақты өкілдері Бас ассамблеяның әртүрлі сессияларының вице-президенттері болып

29 тамызды — Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні деп жариялады.

Өз мойнына алған міндеттерді орындау, БҰҰ жүйесіндегі барлық ұйымдармен арадағы ынтымақтастықты дамыту және донорлық қоғамдастықпен бірге орын алған проблемаларды шешіп отыру біздің еліміздің БҰҰ аясындағы басты басымдығы болып қала береді.

Биылғы жыл Қазақстан үшін үлкен табысты және әлемдік сахнада беделінің ерекше артқан жылы болды. Соның бірі — Біріккен ұлттар ұйымының 70 жылдық мерейтойлық сессиясында Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың әлемді аузына қаратып айтқан тұжырымды сөздері. «Білімдінің сөзін тыңда, айтқанын үйрен,



4 рет сайланды. БҰҰ жүйесіндегі түрлі органдарда 20 шақты Қазақстан азаматы жұмыс істейді. Олар бітімгершілік, даму, есірткімен күрес, бюджеттік мәселелер, конференцияларды қамтамасыз ету, байланыс және ақпараттық технология салаларында табысты еңбектенуде.

Біз БҰҰ-дағы биік лауазымның біріне Қазақстан өкілін ұсыну жөніндегі Қазақстан Президенті жобасының жемісті іске асқанын мақтанышпен айта аламыз. БҰҰ Бас хатшысы орынбасарының орынтағына тарихта тұңғыш рет біздің отандасымыз — Қасым-Жомарт Тоқаев отырды. Ол бұған қоса БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің директоры және Қарусыздану бойынша конференцияның бас директоры қызметін атқарды. Қ.К. Тоқаевтың мұндай қызметке тағайындалуы қазақстандық өкілдің биік кәсіби және саяси деңгейін айғақтаумен қатар, біздің мемлекет пен оның басшысының биік беделін де көрсетеді.

БҰҰ Бас ассамблеясы Қазақстан бастамасын қолдап, өзінің 64-сессиясында

іске асыр», — деген Махмұд Қашқаридың сөзі осыған дәлел. Елбасымыз БҰҰ-ның 100 жылдығына орай жана стратегиясын қабылдау, бүкіл әлемде ядролық қарусыз мемлекет құрып, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау және БҰҰ-ның штаб пәтерін Азияға ауыстыру керек екені туралы құнды бастамалар көтерді.

БҰҰ мінберінен қазақтың абыройын көтерген ерекше бір қуаныш — Елбасымыз қазақ тілінде баяндама жасап, мерейімізді асырып, төбемізді көкке жеткізді.

Дәрістегі негізгі мақсат еліміздің Біріккен ұлттар ұйымындағы жасалып жатқан қажырлы жұмыстарының жетістігін көрсету және студент жастарға еліміздің осындай беделді жұмыстарын түсіндіріп, патриоттық тәрбие беру, жастардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру мен «Ұлы дала» — мәңгілік еліміздің абыройын асқақтату болды.

Г.Н. НУСПОВА,

г.ғ.д., профессор, география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының меңгерушісі

«Адамның адамшылдығы — ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады»

Абай

Ұстаз болу – жүректің батырлығы

Қоғам әрқашанда білім саласы қызметкерлеріне ерекше міндет жүктейді. Дана халқымыз «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деп тегін айтпаса керек. «Ұстаз болу - жүректің батырлығы». Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым ардақты тұлға ретінде ерекшеленеді.



Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші білім деңгейімен өлшенеді десек, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру — кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл мәселені шешудің кілті де ұстаз қолында. Өйткені, ол ертенгі ел тізгінін ұстар ұрпақ тәрбиелейді.

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, өнегелі ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сөзсіз. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, игі қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың алар орны ерекше.

Күн сайын жүздеген шәкірттердің жүрегіне жол тауып, ізгілік нұрын сепкен жайдарлы да жылы жүзді қадірлі ұстазға деген шәкірттердің айтар алғысы шексіз. Осындай ұлағатты ұстазымыз Шүлембаева Күлзия Қоныспайқызы туралы айтқым келеді. Салмақты да, сабырлы мінезі, білімділігі мен байыптылығы, ұйымдастыра білу қабілеті, талапшылдық қасиеттері қызметтес ұстаздарға үлгі. «Өзінді қарапайым жылы лебізіңмен сыйлата білмесең, құр каталдықтан түк те шықпайды», — деп шәкірттеріне мейірімін төгіп, білгенін үйрете білген ұстаз. Ол — тұла бойы тұнған өнеге, ақ тілеулі ана тәрізді барлық адамның бойынан жақсылық іздейтін ізгі ниет иесі.

К.Қ. Шүлембаева 1968 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, биология факультеті, генетика және дарвинизм кафедрасын тамамдады. Сонан соң ол В.Р. Вильямс атындағы егіншілік және жертану ҒЗИ-ының жаздық бидай селекциясы бөлімінде жұмыс істеп, 1971 жылы осы аталған ҒЗИ аспирантурасына қабылданды. 1988 жылдан бастап генетика және молекулалық биология кафедрасында аға ғылыми қызметкер, аға оқытушы (1992), доцент (1994), профессор (2001), 2003-2005 оқу жылдары генетика және молекулалық биология кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1985 жылы «Создание серии моносомных линий по сорту пшеницы Казахстанская 126» тақырыбы бойынша кандидаттық, ал 1999 жылы «Анеуплоидия в селекционно-генетических исследованиях пшеницы и межсортное замещение хромосом» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. К.Қ. Шүлембаева «Цитогенетика анеуплоидов пшеницы»,

«Большой практикум по цитогенетике» атты орыс және қазақ тілінде әдістемелік құралдардың, сонымен қатар «Биометрия», «Генетика» курстарына арналған тесттік бақылаулардың авторы болып табылады. Көпжылдық зерттеулердің нәтижесі бойынша 2005 жылы «Анеуплоидия в селекционно-генетических исследованиях пшеницы» атты монографиясы жарық көрді. Оның 90-ға жуық ғылыми еңбектері жарық көрді. К.К. Шүлембаева — бакалавриат және магистратура бөлімдері үшін «Биотехнология» мамандығы бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жасаудағы авторлық ұжымның мүшесі, «Биотехнология» мамандығы бойынша типтік бағдарламасының авторы. Күлзия Қоныспайқызының Қазақстан Республикасының биология және ауылшаруашылық ҒЗИ-ында қолданыс тауып жүр. Ол жана жаздық жұмсақ бидай: «Надежда» (2004) және «Мирас» (2002) сорттарының авторының бірі болып табылады (авторлық куәлік, 10 маусым, 2003 жыл, № 324).

Шәкірті өзінен озса, ұстаз еңбегінің ақталғаны. Өйткені, өмірдің заны — даму, ілгерілеу, озу. Өзінен озған шәкірт тәрбиелейтін ұстаз үздіксіз ізденісте болып, қоғам сұранысына сай білімді, еңбеккер, шығармашыл, өзін-өзі дамытып, жетілдіре алатын болуы қажет деп ойлаймын. Шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие беретін бала жанының бағбаны ешқашан шаршауды, ренжуді, біреуді ренжітуді білмейді. Күлзия Қоныспайқызы бүгінде 1 ғылым докторын, 4 ғылым кандидатын, 1 PhD докторына ғылыми жетекші болды. Мен ұстазыммен осыдан 15 жыл бұрын таныстым, сол кісінің жетекшілігімен дипломдық жұмысымды, кейіннен магистратура мен аспирантурада кандидаттық диссертация қорғадым. Бүгінде сол ұстазым сияқты өзім де шәкірт тәрбиелеудемін, білмегенімді әлі де үйренудемін. Күлзия Қоныспайқызының шәкірттері қазіргі таңда қоғамның әр саласында еңбек етуде. Қадірлі ұстазымызға әрқашанда зор денсаулық, отбасына амандық, еңбегіне жеміс, биік жетістіктер тілейміз.

Ж.Ж. ЧУНЕТОВА,

молекулалық биология және генетика кафедрасының доценті

В КазНУ состоялось заседание студенческого дискуссионного клуба «Политолог» на тему «Академическая мобильность. Обучение и научная стажировка членов клуба за рубежом»

ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Тәрбиесі жоқ жерде қоғамның ілгері басуы мүмкін емес, бұл - адамзат тарихында ықылым заманнан дәлелденген нәрсе. Әр дәуірде тәрбиенің мәні, мағынасы, іске асыру жолдары әр елде, әр халықта өзінің ұлттық, тарихи, табиғи ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі болуы заңды. Жоғары оқу орындарының тәрбие жүйесі студенттердің патриоттық сезімін, қоғамда саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді сақтауға деген ел азаматы ретіндегі жауапкершілігін, сонымен қатар терең кәсіби білім алу және нарықтық ортаға бейімделу үшін өзіндік қасиеттерін қалыптастыруы тиіс.



Досжан Балабекұлы (фото)

Қазіргі таңда ҚазҰУ-да, онын ішінде химия және химиялық технология факультетінде көптеген студенттік қоғамдық ұйымдар жұмыс аткарып жатыр. Атап айтсақ, Жастар ісі жөніндегі комитет, Студенттік кәсіподақ ұйымы, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро, студенттердің ғылыми қоғамы (CFK), «Химик студенттер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі, «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, сонымен бірге көркемөнерпаздар үйірмелері, спорттық секциялар, т.б.

Аталған студенттік ұйымдардың өз мақсат-талаптарына сәйкес ережелері қабылданып, айналысатын қызметтері, жұмыс жоспарлары бекітілген. Ендеше, бүгінде кең танымал студенттік қоғамдық ұйымдардың біркатарының мақсаты мен негізгі бағыттарына қысқаша тоқталып өтсек.

Жастар ісі жөніндегі комитет. Негізгі мақсаты — мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға арналған университетте өтетін барлық

іс-шараларды ұйымдастырып, өткізуге атсалысу, қалалық, республикалық қоғамдық-саяси, мәдени-көпшілік іс-шараларына университет атынан қатысу, «Нұр Отан» ХДП-ның «Жас Отан» жастар қанатымен, Жастар конгресімен, баска да қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс орнату, университеттегі қоғамдық ұйымдардың осы бағыттағы жұмыстарын үйлестіру болып табылады. Сонымен бірге жазғы демалыс кезінде жыл сайын университетімізде «Сұңқар» студенттік құрылыс жасақтары және де «Жасыл ел» енбек жасақтары жасакталып 2 ай көлемінде студенттер Алматы қаласында енбек етеді.

Болон үдерісі бойынша студенттік бюро — Болон үдерісінің ұстанымдарын университет ішінде және университеттен тыс аумақта нығайтуға бағытталған ең алғашқы студенттік ұйым. Негізгі мақсаты — бүгінгі таңда студенттерге қолдау көрсетіп, студенттердің қызығушылықтары мен құқығын қорғауға назар аудару болып табылады. Академиялық

тақырыптағы сауалдардың шешімін табу — тек проблемаларды шешіп қана қоймай, жанжал бітуінен кейінгі достық қарым-қатынасты сақтап қалуға тырысуды көздейді.

Студенттердің ғылыми қоғамы (CFK) — ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінің үнемі ғылыми зерттеулермен айналысатын ерікті студенттерін біріктіретін қоғамдық ұйым. Мақсаты — жүйелі жұмыс пен факультеттің ғылыми бағыттағы іс-шараларын, студенттердің жұмысын факультет алдында, ЖОО арасында, мемлекеттік және халықаралық деңгейде көрсету болып табылады.

Студенттік кәсіподақ ұйымы — Алматы қалалық білім және ғылым қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподақ ұйымының ҚазҰУ-дағы филиалы. ҚазҰУ студенттерінің мүддесін қорғаушы ұйым ретінде университет әкімшілігімен бірлесіп жасалған ұжымдық келісімшарт негізінде жұмыс атқаруда. Негізгі бағыты — жетім, тұрмысы төмен отбасыларынан

шыққан, мүгедек, диспансерлік есепте тұрған студенттерді әлеуметтік қолдау, студенттердің құқығын қорғау.

Студенттік кәсіподақ ұйымы өз қаражаты есебінен мұқтаж студенттерге материалдық көмек, университетте өтетін түрлі мәдени-бұқаралық, спорттық шараларға қаржылай қолдау көрсетіп отырады. Дәстүрге айналған «Мисс химфак» байқауын ұйымдастыру жыл сайын жоғары деңгейде өтіп, студенттердің қызығушылығы артып келеді.

Химик студенттер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі 2010 жылы 20 мамырда Алматы қаласы Әділет департаментінде тіркелген. Бұл ұйымның негізгі мақсаты — студенттердің зияткерлік, шығармашылық және өмірде кезігіп қалған мәселелерінің тиімді шешімдерін іздестіру.

«Сұңқар» студенттер кәсіподағы. ҚР Конституциясы мен ҚР Азаматтық кодексі негізінде жұмыс істейтін адамдардың құқықтары мен қызығушылықтарын жүзеге асыру үшін құрылған ерікті, тәуелсіз, өкіметтік емес қоғамдық бірлестік болып табылады. Негізгі мақсаты - ҚР заңдарымен бекітілген шәкіртақылар мен жеңілдіктерді уақытылы төлеуді қадағалау, қауіпсіз еңбек пен оқуды қамтамасыз ету, сонымен қатар медициналық қызмет көрсету және тұрмыстық жағдайды жақсарту болып табылады.

Жалпы алғанда факультеттегі студенттік қоғамдық ұйымдардың негізгі мақсаты — студенттерді өзін-өзі тануға, өзара сыйластыққа, достыққа тәрбиелеу, олардың мүмкіншіліктерін қоғамға пайдалы ортақ іске жұмылдыру. Сондықтан университетте студенттік қоғамдық ұйымдармен жұмыс толығымен дұрыс бағытта қойылған. Бірлесіп жұмыс атқаруға, басқаруға қолайлы, жүйелі арнаға түскен қоғамдық ұйымдармен университет жоғары деңгейдегі іс-шаралар ұйымдастырып келеді.


Е.Ә. АҚҚАЗИН,
*химия және химиялық технология
факультеттің аға-куратор
ұйымдастырушысы*

«МӘҢГІЛІК ЕЛ»: СКВОЗЬ ТЕРНИИ В ВЕЧНОСТЬ

Казахское общество охраны памятников истории и культуры к 180-летнему юбилею Шокана (Мухаммед-Ханафия) Уалиханова выпустило тематический календарь на 2015-2017 г. г.

Функциональное предназначение проекта, помимо традиционного, — ненавязчивая популяризация графического наследия Шокана, его рисунков на тему этнокультуры народов Центральной Азии. Как известно, ученый и путешественник, Шокан блестятельно владел искусством акварели и карандашным рисунком. Им созданы художественные портреты членов семьи, друзей, а особенности быта и традиций Семиречья, Кашгарии и Джунгарии он тонко вывел на страницах дневников путешествий. Каллиграфический росчерк Шокана и юмор также находят отражение в сюжетах, отобранных для календаря.

Шокан Шынгысович Уалиханов покинул бренный мир слишком рано, тем не менее, на протяжении полутора веков, его дарование волнует потомков и возвышает казахскую нацию. Его цитируют, мысленно сопровождая по маршрутам поездок. Судьбе Уалиханова посвящают восхищенные творения. Меняется мир, но неизменно с нами Гений. Много познавший и остро воспринимавший



окружающую действительность. Пророк с душой ребенка. Подбранок.

О «неоспоримой талантливости Шокана» страстно писал Мустафа Шокай. Будучи в эмиграции, он цитировал друга Шокана, Григория Потанина: «Чокан говорил, что прежде всего любит свой киргизский (казахский) народ, потом Сибирь, потом Россию, потом все человечество... Когда русские бьют киргизов, я встаю против русских, говорю он; когда французы бьют русских, сердце мое на стороне русских». История государства была темой размышлений Шокана, сбор фольклора и первоисточников составлял часть его пребывания в Сырымбете, Петропавловске, Копале...

В юбилейный год учеными КазНУ идентифицирован удивительный факт: в годы исторического национально-территориального размежевания Центральной Азии, в основу демаркации границ государств (Казахская, Узбекская, Кыргызская, Туркменская и Таджикская автономии) в 1924-1925 г. г., были взяты этнографические исследования Шокана.

В год 550-летия Казахского ханства есть все основания вспомнить первопроходцев на ниве европейского научного знания, искренне веривших в расцвет нации. Мероприятия, под эгидой юбилея Шокана, продолжаются в регионах, на «малой» Родине и Алтын-Эмеле.

Автором идеи создания календаря к 180-летию прадеда является обаятельная и невероятно скромная Баян Шотакызы Валиханова. Опыт выпуска аналитических трудов у нее имеется: из недавних проектов в 2011 году ею были выпущены два сборника Казахского общества охраны памятников истории и культуры (6-й и 7-й выпуски).

В настоящее время Общество готовит серию праздничных мероприятий, которые украсят новые издания, пропагандирующие творчество Ш. Ш. Уалиханова.

Коллектив ученых Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова под руководством член-корреспондента НАН РК, профессора М. Абусейтовой готовит новое, дополненное издание Собрания сочинений ученого в восьми томах.

Молодое поколение должно брать пример с человека энциклопедических знаний, с горячим сердцем. Спорить о миссии Шокана можно, изучать его наследие увлекательно. Его жизнь — легенда, вдохновившая не одно поколение.

Гюльнар МУКАНОВА,
*кандидат исторических наук,
профессор*

4 қарашада филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мектеп-тегі Аманқос Құлтанұлының «Көсемсөздің көсемі» атты монографиясының тұсаукесері өтеді

Жалғасы. Басы 1-бетте



Гала-концертті ҚазҰУ-дың оқу ісі жөніндегі проректоры Дархан Ахмед-Зәки ашты. Қатысушылардың барлығына алғысын айтқан ол жеңімпаздарға тілегін білдіріп, I, II, III дәрежелі дипломдарды табыстады. Байқауда өнерпаздар «Дәстүрлі ән», «Эстрадалық ән», «Жас акындар», «Домбырада ойнау шеберлігі», «Гитарада ойнау шеберлігі», «Қобызда ойнау шеберлігі», «Фортепианода ойнау шеберлігі», «Фортепианода ән айту шеберлігі», «Скрипкада ойнау шеберлігі» «Үздік жүргізушілер», «Көркемсөз және актерлік шеберлік»,

«Халықтық топтық би», «Заманауи би» және «Ерекше жанр» номинациялары бойынша сайысқа түсті. Көздің жауын алған сахнаны одан сайын әрлендіре түскен география және табиғатты пайдалану факультеті мен физика-техникалық факультеті студенттерінің «Модерн» заманауи биі болды. Оған қоса байқауға ерекше дайындалған химия және химиялық технология факультеті студенттерінің биі мен журналистика факультеті студенттерінің «Military» биі кештің көркін қыздырды.



Сахнаның әсемдігін арттырған тек бишілер ғана емес, әні «күлактан кіріп бойды алған» шебер орындаушылар да болды. Атап айтқанда, журналистика факультетінің I-курс студенті Айбота Өскенбайдың Арман Дүйсеновтің әніне жазылған Нұртуған жыраудың «Толғау» әні мен физика-техникалық факультетінің жас таланты Бақыт Дәуренованың Лара Фабианның «Je Taime» әнін нақышына келтіріп орындауы барша көрерменді таңқалдырды. Алғашқы орындарды иеленген журналистика факультеті және география және табиғатты пайдалану факультетінің студенттері Айнұр

орындап, баршаның ықыласына бөленді. Домбырада ойнау шеберлігі бойынша жеңімпаз атанған студенттер «Фараби сазы» оркестрінің жаңа мүшелері атанып, «Әлкисса» күйін жұртшылыққа жолдаған болатын. Әсем ән айтылып, көңілді би биленген бұл сайыста жас акындар мен актерлік шеберлік танытқандар да аз болған жоқ. Қолына қалам ұстаған жас дарындылардың өлеңдерін сүйсіне тыңдаған көпшілік «Актерлік шеберлік» номинациясы бойынша марапатталған студенттердің «Ромео мен Джульетта», «Алдар көсе мен базардағы әйел», «Есенин» сынды сахналық көріністерінің



Әбішева мен Айнакөз Досымғалиева халық әнімен танылса, халықаралық қатынастар факультетінің студенттері «Қазақтың қыздары» әнімен баршаны баурап алды десек артық айтқандық емес.

Эстрадалық ән де, дәстүрлі ән де орындалған бұл байқауда жұртты елең еткізген филология және әлем тілдері мен химия және химиялық технология факультеттерінен құралған ерекше топтың «Қазағым» атты патриоттық авторлық әні болған еді. Аталған ән гитара, фортепиано сынды аспаптармен сүйемелденді. Оған қоса «Ерекше жанр» номинациясы бойынша танылған Дінмұхаммед Чеганбеков те осы әнді бибокс әдісімен сүйемелдеді. Фортепианода ойнау шеберлігін танытқан экономика және бизнес жоғары мектебінің студенті Бағлан Жорабек «Титаник» фильмінің саундтрегін

куәсі болды. Таланттардың тынысын ашқан бұл кеш ҚазҰУ түлегі Марғұлан Ақанның сөзіне жазылған Жандос Әбілдиновтің «1-курс таланттары» байқауының әнұраны болып табылатын «Жалынды жастар» әнімен аяқталды.

Жыл сайын өткізіліп, талантты әрі талапты студенттердің өнерлі өміріне үлкен серпін әкелетін, болашаққа деген нық сенімдерін арттыратын «1-курс таланттары» байқауы бұл жолы да дарынды студенттерді іріктеп алғаны хақ. Олардың өнеріне барша ҚазҰУ сүйсінді. Таланттарымыз көбейе берсін! Қанаттары талмай, өнерлі жастарымыз киелі сахна төрінде қалықтай бергей!

Жанар САРТБАЙ,
Студенттік клуб жетекшісі

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Рүстем АБРАЕВ, Жұлдыз ӘБІЛ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКУЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, №1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, II-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №854
● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасауы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.